

Ерназар ауылдық округінің Морозов орманшаруашылығы ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/4-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 135 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 мамырда № 2945 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Ерназар ауылдық округінің Морозов орманшаруашылығы ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Ерназар ауылдық округінің Морозов орманшаруашылығы ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерге орналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Калиновский В. Я.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді е н г і з с і н .

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. ҚАИРХАНОВ

Аудан әкімі

Қ. БАЙФОНУСОВ

Аудандық мәслихат хатшысы

Қ. САДЫҚОВ

Бірлескен әкімдігінің № 135 мәслихатының № 12/4-V шешіміне қосымша

2013 қаулысы

Бесқарағай жылғы мен жылғы

27 Бесқарағай 28

аудандық наурыздағы аудандық наурыздағы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Ерناзар ауылдық округінің Морозов орманшаруашылығы ауылының елді мекендерінің Экспликациясы

Жер пайдаланушылардың атауы	Жоспардағы барлық жерлер, га	Бөгенің пайдалануындағы жерлер, га	Елді мекендерге бекітілді, га	Барлық а/ш алқаптары, га	олардан:				өзге д жерле
					егістік,	тыңайма	шабындықк	жайылым,	
Ерназар ауылының жерлері	408,3							401,8	6,5
Босалқы жерлер	1110,7	138,3	1380,7	1308,4	2,8			903,8	65,8
Босалқы жерлер	617,1		617,1	605,2				605,2	11,9
Босалқы жерлер	1796,6		1796,6	1671,7	36,4			1635,3	124,9
Жоба бойынша елді мекеннің жерлері	3932,7	138,3	3794,4	3585,3	39,2			3546,1	209,1